

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомствоның бағынысты әскери оқу орындарына ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы № 37 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 ақпанда № 13239 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Білім және ғылым департаментінің бастығы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеу үшін  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдасын;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесіне жолдастын;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастырын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ескеरту. 3-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

4. Бүйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## Қазақстан Республикасының

Корғаныс министрі

И. Тасмағамбетов

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс Министрінің  
2016 жылғы 22 қаңтардағы  
№ 37 бүйрекімен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына (бұдан әрі - ӘОО) ауыстыру және қайта қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Білім алушыларды бір оқу орнынан басқа ауыстыру немесе қайта қабылдау мәселелерін қабылдаушы ӘОО әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше бастығының өкімі бойынша жазғы немесе қысқы каникулдық демалыс кезеңінде жеке баяннattар негізінде қарайды.

Егер пәндер айырмашылығы 15 кредиттен артық емес болса, білім алушыны ӘОО ішінде бір мамандықтан басқа ауыстыру білім алушының баянаты негізінде оқу кенесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Жазғы мезгілде оқудан басқа мамандықтарға ауыстырылған курсанттарды ауыстыру оқу кенесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады. Егер пәндер айырмашылығы 15 кредиттен артық құрайтын болса, онда курсант бір курсқа төмен ауыстырылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Білім алушыларды ӘОО-ларға ауыстыру және қайта қабылдау кезінде транскрипте немесе білім алуды аяқтамаган адамдарға берілетін академиялық анықтамада (бұдан әрі - академиялық анықтама немесе транскрипт) көрсетілген пәндер және қабылдаушы ӘОО-ның оқу жұмыс жоспары арасындағы академиялық айырмашылық айқындалады.

4. Пәндердің мазмұны мен көлемі сәйкес келген жағдайда оқу пәнінің пререквизиті ретінде айқындалған басқа оқу пәнімен немесе мазмұны бойынша аралас оқу пәндеріне блогымен қайта сынақ тапсыруға жол беріледі.

5. Менгерілген кретиттерді (сағаттарды), қайта сынақ тапсыру сондай-ақ оқу курсы білім беру бағдарламаларын салыстыру, менгерілген пәндер тізбесінің мазмұны, олардың көлемі, алынған білімдері, дағдылары, машиқтары мен құзыреттілігі, сондай-ақ оқыту нәтижелері негізінде белгіленеді.

Оқу пәндері бойынша менгерілген сағаттардан қайта сынақ тапсыру кезінде қорытынды бақылау нысандарындағы және оқыту технологияларындағы айырмашылық ескерілмейді.

6. Жұмыстық оқу жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы ағымдағы академиялық кезең ішінде жеке график бойынша өз бетінше пәндерді оқиды, аралық бақылаудың барлық түрлерін тапсырады, қорытынды бақылауға рұқсатнама алады.

7. Академиялық айырмашылық академиялық берешек болып саналады және аралық аттестаттаудың келесі кезеңі басталғанға дейін жойылады. Академиялық берешекті жоймаған білім алушы үлгермеуіне байланысты оқудан шығарылады.

Академиялық айырмашылықты жою кезінде пән бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған кезде қайта тапсыруға жол берілмейді, ал білім алушы академиялық үлгермеуіне байланысты ӘОО-дан шығарылады.

8. Шетелдік білім беру ұйымынан білім алушыны ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде академиялық анықтама немесе транскрипт беріледі.

Шетелде жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік білім алған шетелдік білім беру ұйымынан білім алушы ауыстырылған немесе қайта қабылданған кезде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларымен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында тану немесе нострификациялау рәсімінен өткен білім алуды аяқтағаны туралы құжат ұсынылады.

## 2. ӘОО-ларға ауыстыру тәртібі

9. Білім алушыларды ӘОО-ларға бір мамандықтан басқасына сол ӘОО ішінде бір ӘОО-дан басқасына, әскери кафедрада білім алушыны басқа білім беру ұйымынан (бұдан әрі – оқу орны) ауыстыру жүзеге асырылады.

10. Білім алушыны бір оқу орнынан басқасына ауыстыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) білім алушыны оқып жатқан оқу орны немесе ӘОО басшысының атына ауысу себебін түсіндіретін құжаттарды қоса бере отырып, ауысу туралы баянат (өтініш) береді;

2) оку орнының немесе ӘОО-ның басшысынан ауысуға жазбаша келісім алған кезде, академиялық анықтамамен немесе транскриптпен және мінездемемен бірге баянат әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеге жолданады;

3) әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеге он жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыны ӘОО-ға ауыстыру немесе ауыстырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, он шешім қабылданған кезде үш жұмыс күні ішінде білім алушы ауысатын ӘОО-ға құжаттар жолданады;

4) бұрын білім алушы оқыған оқу орнының немесе ӘОО-ның басшысы әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеден он шешім алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде "ауысуына байланысты оқудан шығарылды" деген

тұжырыммен білім алушыны оқудан шығару туралы бұйрық шығарады және оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде білім алушыны нұсқамамен жібереді, білім алушының жеке ісін қабылдайтын ӘОО-ның мекенжайына жолдайды;

5) қабылдайтын ӘОО-ның басшысы білім алушы келісімен оқуға қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **3. ӘОО-ларға қайта қабылдау тәртібі**

11. Білім алушыларды ӘОО-ларға қайта қабылдау, егер олар бұдан бұрын кемінде бір семестрді табысты аяқтаса, тиісті білім беру деңгейі бойынша жүзеге асырылады.

12. Азаматтарды оқуға қайта қабылдау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) азамат еркін нысанда әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше басшысының атына өзі таңдаған ӘОО-га қайта қабылдау туралы өтініш береді. Қайта қабылдау туралы өтінішке Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткери қағидаларының 21-тармағына сәйкес құжаттар, академиялық анықтама немесе транскрипт қоса беріледі;

2) әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше он жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар негізінде ӘОО-ға қайта қабылдау немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды, оң шешім қабылданған кезде үш жұмыс күні ішінде азамат таңдаған ӘОО-ға құжаттары жолданады;

3) ӘОО әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеден шешімді алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде академиялық ерекшелікті, мамандықты және оқу курсын айқындауды және академиялық ерекшеліктің бар екені туралы әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшені хабардар етеді;

4) әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше он жұмыс күні ішінде азаматқа және ӘОО-ға қабылданған шешім туралы хабарлайды, азамат ӘОО-ға оған айқындалған мерзімде жеке куәліктің түпнұсқасымен, академиялық анықтамамен немесе транскриптен келеді;

5) ӘОО басшысы құжаттардың түпнұсқасын тексергеннен кейін оқуға қайта қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК